

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары әскери қызметшілерінің әскери киім нысаны мен айырым белгілері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1999 жылғы 22 қыркүйек N 215. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.07.08. N 146 жарлығымен.

"Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 1993 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабына сәйкес қаулы е т е м і н :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары әскери қызметшілерінің әскери киім нысаны мен айырым белгілерінің сипаттамасы мен суреттері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықты іске асыру жөнінде ш а р а л а р қ о л д а н с ы н .

3. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай Жарлықтарының күші ж о й ы л ғ а н д е п т а н ы л с ы н :

"Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары әскери қызметшілерінің әскери киім нысаны мен айырым белгілері туралы" 1997 жылғы 11 ақпандағы N 3356 (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 5, 36-құжат);

"Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі әскери қызметшілерінің әскери киім үлгілері мен айырым белгілері туралы" 1997 жылғы 15 қазандағы N 3678 (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 46, 424-қ ұ ж а т) .

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті